

821.512.122

№ 46

Асқар АЛТАЙ

Асқар АЛТАЙ



Киллер сауысқан



Асқар АЛТАЙ

Киллер сауысқан

Повестер мен әңгімелер



«Арда +7»
Алматы
2013

УДК 821.512.122 - 31
ББК 84 Қаз - 7
А 46 ✓

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және
ақпарат министрлігі Ақпарат және
мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды
тұрларын басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды.*


Алтай А.

А 46 Кыллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Арда+7»,
2013 – 400 бет.

ISBN 978-601-7355-09-8

Жазушының бұл жинағына әңгімелері мен повестері енгізілді. Халықтық аңыз-эпсаланалармен де астасып кететін сюжеттік желілер бүгінгі күндегі адамдардың болмыс-бітімі мен тағдыр-талайын, күнде өзгеріп жатқан қоғамның сынаптай сусымалы снық-сықпытын терең тұрғыдан ашып береді. Кейіпкерлердің соны бейнелері мен қилы характерлері оқырманын ойға жетелеп, сырлы сезім ұялатады.

Жинақ қалың оқырманға арналады.



УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз - 7

ISBN 978-601-7355-09-8

© Алтай А., 2013
© «Арда+7», 2013

ҚОҒАМ ҚОЯСЫН АҚТАРҒАН СУРЕТКЕР*(Қазақ қоғамындағы «Көзжендеттік» туралы)*

Ғибраты да мол, әсері де ерек бір әңгіме оқыдым. Осы таяуда ғана. Әңгіме «Көзжендет» деп аталады (*«Қазақ әдебиеті» газеті, 21 наурыз, 2008 жыл*). Авторы – жазушы Асқар Алтай.

Бүгінгі күннің тақырыбына жазылған бір ғана әңгімемен бүгінгі қоғамымыздың бет-пердесін ғана емес, сонымен бірге осы қоғамның басындағы оқшырайған шляпасын, иығына жамылған әлем-жәлем шекпенін, содан кейін көйлегі мен галстугін, бұдан кейін бұтындағы шалбарын, ең соңында ішкіміне дейін түгел шешіп алып, осыдан соң үсті-басын тегіс іріңді жара басқан және жараның асқынуынан кей жері іріп-шіріп, кей жері шұрк-шұрк тесіле бастаған шұбарала денені шұқып тұрып: «Ал, қадірлі оқырман, анықтап қарап алыңыздар! Біздің қоғамның шын сиқы – осы! Біздің бәріміз осындай ауру, бейдауа қоғамда өмір сүріп жатырмыз!» – деп көрсетуге, көрсете алуға бола ма? Болады, әрине. Бірақ, бұл – қиынның қиыны. Бұл – шын жазушының, яғни суреткердің ғана қолынан келетін іс.

Суреткер Асқар Алтай да бір ғана әңгімесімен қазіргі қоғамымыздың сиық-сықпытын дөп әрі терең ашып көрсете алыпты. Қалай? Қайтіп? Енді соған келейік.

Пәлсапада «художественная нация» дейтін ұғым бар. Бұл – жақсы ұғым емес, кекесінді ұғым. Бұл ұғым, көбіне, әсіре сауықшыл, әсіре салтанатшыл, еліктеп-солықтағыш, өзінің барын бағалай алмайтын, ұлттық құндылықтарын сақтай білмейтін дәрменсіз ұлтқа қаратып айтылады. Мұның қазақшасы «тыраш ұлт» дегенге көбірек келінкірейді.

Жасырып-жабатын түк те жоқ, сорымызға қарай тыраштық бізге де әбден үйір болып алды. Әсіресе, бүгінгі күні тыраштықтан, тыраштық болғанда да тұқымымызды тұздай құртуға айналған жаппай тыраштықтан көз аша алмай жүргеніміз де рас. Асқар Алтайдың «Көзжендет» әңгімесіндегі басты кейіпкер Қараш та – біздің қазіргі күні есепсіз көбейіп кеткен көп тыраштарымыздың бірі.

Осы Қараш қайдағы жоқ бәлені бастап, сон-а-ау Памир тауының етегінде тұратын Қосман деген біреуден «өнер» үйренеді. Қосман деген кім? Авторға сөз берелік: «Зәу-заты белгісіз... Өзі не қазақ, не қырғыз емес, не тәжік, не бадахшандық, не ауғандық, тіпті парсылық та емес, әлде бір ежелгі ұлттың, бәлкім ұлыстың өкілі... Осы өлкеге аталары әлдеқайдан ауып келген келімсек көрінеді. Жұрт оны орыс жерінен қаңғып келген «сібірлік», қытай жағынан қашқан «хансулық», иран даласынан безінген «парсылық» екен десіп сан-саққа да жүгіртетінді... Ал ақиқатында Қосманның сайда сайғақсыз, құмда ізсіз біреу екені ғана белгілі еді. Адам екені – анық, кім екені – жұмбақ?!».

Тексіз адамның, тегі жоқ адамның біреуге текті өнер үйретуі мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес. Қосман да біздің Қараш байғұсқа қайдағы бір тексіз өнерді үйретеді. Бұл қандай өнер? Сауысқанмен аң аулау өнері. Кәдімгі ала қанат сумақай сауысқанмен. Қосман сауысқанды тұғырға байлап қояды да, әбден ашықтырады. Содан кейін өзі атып алған аң-құстың (бөрінін, барыстың,

арқардың, еліктің) басын кесіп, екі көзін ояды да, сауысқанды тек осы ойылған екі көздің ұясына сықай толтырылған жеммен ғана қоректендіреді. Тіпті су екеш суды да ойылған көздің ұясына құйып береді. Содан бірер айдан кейін әлгі сауысқанымыз «көзжендет» болып шыға келеді. Аңға алып шығып, балақ бауын босаттың-ақ сумақай сауысқан әдеттегідей шыққылық қағып, жебелей ұшып, жақын маңда жүрген аңның (еліктің, түлкінің, таутекенің, бөрінің, барыстың, арқардың) басына қонады да (ал аң байғұс сауысқаннан онша қауіптен қоймайды), екі-ақ шұқып, әлгі аңның көзін ойып алады. Жанарынан айырылып, су қараңғы күйге түскен аң байғұс тау-тасқа ұрынып, бұтаға қамалып, орға түсіп, жарға құлап, әбден қиналып өледі. Кейбірі аңшыдан құтылып кеткенмен, тентіреп жүріп опат болады. Міне, біздің тыраш Қараш тексіз Қосманнан осындай тексіз, тамырсыз, өріссіз өнерді үйреніп алып, сауысқанмен саятшылық құрып, туған жердің аң-құсын қынадай қырады.

Автор осы жерде өз әңгімесіне мынадай бір аса маңызды детальды енгізеді. Сауысқанмен саятшылық құруды Қараштың арғы ата-бабалары білген бе? Білген, естіген, көрген. Бірақ «қазақтар бұл «өнерге» жоламаған. «Обалы да, зауалы да ауыр күнәлі іс! Өлсеңдер де бұл «өнерге» жоламандар!» деп кейінгі ұрпағына аманаттап кеткен. Бірақ, тыраш Қараш «Апыр-ай, қыран бүркіт тұрғанда, қаршыға, ителгі, бидайық, лашын, сұңқар, қырғи тұрғанда, сауысқанмен саятшылық құрғаным, қай қылығым?!» деп ойлана алмайды.

Ойлана алмаудың аяғы немен бітуші еді? Әрине, қасіретпен. Қараштың ойлана алмауы, оның обал мен зауалды, сауап пен залалды ажырата алмауы, қысқаша қайырып айтқанда, парықсыздығы мен тыраштығы оның отбасына да үлкен қасірет әкеледі. Адам баласының қолы да батып бара алмайтын, дәті де шыдап тұра алмайтын өте азапты, аса қорлықты, айрықша зұлым «тәсілмен» опат етілген жазықсыз аң-құстың обалы қайдан жібере қойсын-ау. Қараштың келіні, яки Қараштың жар дегенде жалғыз ұлының әйелі жас босанып... соқыр ұл туады: «Сәби көзсіз туылыпты. Көзсіз, қассыз туған нәрестенің бет-жүзі жып-жылмағай... Жұдырықтай бет...».

Сонымен парықсыз тыраштықтың аяғы неге әкеліп соқты? Соқыр ұрпақтың дүниеге келуіне әкеп соқты.

Әңгіме мынадай авторлық түйіндеумен аяқталады: «Соқыр сәби – соқыр адам. Соқыр адам жарық дүние есігін ашыпты. Соқыр ұрпақ қоғамға келіпті. Ұрпақ соқыр болса – қоғам да соқыр. Ал соқыр қоғам, соқыр адам жайлаған дүниеден не күтуге болады? Мүтедек адам да бір мүсәпір. Мүтедек қоғам да бір кісәпір. Кісәпір қоғам не істемейді, не дегізбейді?!»

Иә, кісәпір қоғамнан бәрін де күтуге болады.

Айтпақшы, «кісәпір қоғам» дегеніміз қандай қоғам? Азғындаған қоғам. Ал қоғам қай уақытта азғындайды? Ұлттық топырақтан ажырағанда. Ұлттыздыққа ұрынғанда. Неге? Не себепті?

«...Сонымен қатар бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, ұлыстар қылдық!» Бұл – Құранның сөзі. Демек, ұлтты Алла да жоққа шығармайды екен. Жоққа шығарғаныңыз не, Алла бізді әдейі ұлт етіп жаратыпты. Не үшін? Адамзат баласының бірнәжілікке, біркелкілікке, бірдейлікке ұрынбасы үшін. Дамудың жауы – біркелкілік. Жетілудің, кемелденудің, дамудың жарыспалы һәм сан салалы үйлесімін сақтау үшін Алла адамзат ұрпағын әдейі ұлт етіп жаратқан. Ұлт қылған.

«Ұлт» деген ұғымның бір синонимі – топырақ. Ал топырақ – бүкіл барлықтың негізі. Топырақта дүниедегі химиялық, физикалық, органикалық, органикалық емес элементтердің барлығы да (темір, магний, йод, күміс, алтын, платиний, сутегі, оттегі және тағы-тағылар, тағы сол сияқтылар) кездеседі. Демек, топырақтан ажырау – бәрінен ажырау деген сөз. Топырақты сақтау – табиғилықты сақтау, тазалықты сақтау, өзіндік ерекшелігіңізді сақтау, ұлттығыңызды сақтау деген сөз.

Біз ұлттық топырақтан бірте-бірте алыстау арқылы, ажырау арқылы өмірге соқыр ұрпақ әкеле бастадық. Сауысқанмен саятшылық құрған (яғни, өзгенің қаңсығын таңсық көрген, сөйтіп, дәстүрсіздікке ұрынған, ақыр соңында адамшылық жолдан тайып азғындаған) тыраш Қараш секілді, ұзақ жылдарға созылған ұлтсыздықтың кесір-керінен өмірге соқыр ұл, соқыр немере, соқыр шөберелерді шұбыртып алып келе бастадық. Асқар Алтайдың өз әңгімесінде айтайын деп отырғаны да және оны жетер жеріне жеткізіп айта алғаны да – осы! Осы қасірет! Осы ақиқат!

Енді аздап салыстыру жасайықшы. Асқар Алтайдың әңгімесіндегі тыраш Қараштың тірлігі кімге ұқсайды? Құдай-ау, дәл біздің тірлігіміз ғой. Тыраш Қараштың бейнесі де – дәл біздің бейнеміз. Егіз қозыдай ұқсап-ақ тұр. Тыраштығы да, парықсыздығы да, пәруайсыздығы да...

Біз де тыраш Қараш секілді қоймай тыраштандық қой. Үздіксіз, үзіліссіз тыраштандық. Тоқтаусыз, тоқтай алмай, өзімізді өзіміз тоқтата алмай тыраштандық... Ең әуелі ұл-қызымызды жаппай, жабыла орысша оқыттық. «Мұнымыз қалай болар екен?..» деп ойлана да алмадық, өзімізге өзіміз тоқтау да сала алмадық. Содан кейін Қазақстанды «халықтар достығының лабораториясына» айналдырдық. «Қазақтардың мемлекеті, бірдей бір мемлекет неге лаборатория болуға тиісті? Мұнымыз тыраштық емес пе?..» деп тағы да ойлана алмадық. Бұдан кейін (тыраштанатын түк таппаған сон!) «Грузиндер, өзбектер, литвандар, түрікмендер, лагыштар, әзірбайжандар орыс тілінде акцентпен сөйлейді. Ұят-ай! Ал біздің қазақтар орыс тілінде акцентсіз сөйлегенде (қазақ тілінен, яғни ана тілінен мүлде мақұрым адам, әрине, орысша оның көрген-баққаны жалғыз осы тіл ғой! – Ә.М.), мәскеулік орыстардың өзін таңғалдырды! Бұл ғажайып жетістік емес пе?!» деп мақтандық. Біз, Құдай тас төбеден ұрғанда, тыраштықты жетістік деп бағаладық.

Кеңес заманы кезіндегі мұндай «жетістіктеріміз» (яки, тыраштықтарымыз) із-түссіз кеткен жоқ. Асқар Алтай айтқандай, қоғамға соқыр ұрпақ келді. «Соқыр ұрпақ» емей немене, соңғы екі жылда екі ғылым докторы (мұның екеуі де қазақ!) «қазақ тілі – жетілмеген тіл, қазақ тілі нарық заманының тілі бола алмайды!» деп ашық жазды. Және өздерінің осындай сұмдық сорақы, қасіретті хәм қорқынышты, өлі «тезистерін» олар өлермендене қорғап бақты. Бұларға сенсек, «қазақ тілі ғылымның, техниканың, кибернетиканың тілі бола алмайды». Оның үстіне, қазақ тілі «еуропалық стандартқа да сай емес» екен. Асқар Алтай айтқан «көзжендеттік» дегеніміз де осы ғой. Өз ұлтыңның көзін сауысқанға шұқыту, «сауысқанмен саятшылық құра жүріп шоқыту» деген де осы емес пе?!

Айтпақшы, ұмытып барады екеміз-ау, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін біздің тыраштығымыз мүлде құтырынып кетті. Кеңес заманындағы тыраштығымыз мұның жанында «баланың ойыншығы» ғана екен. Біз бұрын

тыраш Қараш болсақ, енді Тыраш-Қарашқа айналдық. Біз бұрын Қазақстанды «халықтар достығының лабораториясына» айналдырсақ, енді... алаңға айналдырдық. Қазақстанды мекендейтін 178 диаспораның өкілдерінен құралған Халықтар ассамблеясының көңіл көтеретін алаңына айналдырдық. Ән айтып, би билеп, керней шалып, дутар тартып, қаласа – ішіп, қаламаса – құсып, қош көрсе – күліп, қош көрмесе – тіліп, көңілі шапса – кекіріп, көңілі шапса – түкіріп кететін алаңына айналдырдық. Ал енді мұның Қазақ мемлекеті мен қазақ мемлекеттілігінің екі көзін бірдей сауысқанға шұқытудан несі кем?

Әлемдік діндерге, әлемдегі діндерге есігімізді айқара ашып тастадық. Соның нәтижесінде ит тұмсығы батпайтын сон-а-а-ау алыстағы Амозонияның қалың ормандарында тұратын тайпалардың ұстанатын діні де Қазақстанға келіп жеткен. Ресми емес деректерге сенсек, басқасын есептемегенде, дәл қазір Қазақстанда дүниежүзінде өте сирек кездесетін 6 секта жұмыс істейді екен. Бұл да дініміз бен діліміздің екі көзін сауысқанға шұқытумен пара-пар тірлік.

Асқар Алтайдың әңгімесінде айтылатын «соқыр ұрпақ» (соқыр ұл, соқыр немере, соқыр шөбере), яғни ұлттық топырақтан ажыраған, ұлттық болмыстан алыстаған, ұлттың мүддесін білмейтін, ұлттың мұңын түсінбейтін ұрпақ бүгінгі күні билікті де жаулап алды. Тағы да ресми емес деректерге жүгінсек, бізде жоғары биліктің 80 пайызы қазақша білмейтін шенеуніктерден жасақталған. Ал енді не қалды?... Не қылдық?..

* * *

Біздің қоғамды қазір неге ашкөздік, жемқорлық, шенқұмарлық, паракорлық, қатыгездік, мәнгүрттік жаулап алды? Тыраштыққа ұрынған, тыраштыққа ұрыну арқылы ұлттық топырақтан ажыраған, ұлттық топырақтан ажырау арқылы өмірге соқыр ұрпақ әкелген қауым эманда осындай дертке ұрынады. Өйткені, ұлттық топырақтан ажырау – өте қасіретті құбылыс. Бұл ешуақытта із-түссіз кетпейді. Халықты ауыр қасіреттерге душар етеді. Ұлттық топырақты нық басып тұрған кезде халық алдыңғы планға дәйім ұлттық мүдде мен ұлттық мақсатты шығарады. Ал енді ұлттық топырақ аяғының астынан сусып шығып кеткен кезде, халық... абдырап, әбіржіп, жүнжіп қалады. Майдаланып, ұсақтап, күйкіленіп кетеді. Енді ұлттық мүдде мен ұлттық мақсат кейінге ысырылады да, алдыңғы планға жеке адамдардың мүдделері шығады. Мүдде болғанда соқыр ұрпақтың (соқыр ұл, соқыр қыз, соқыр күйеу бала, соқыр немере, соқыр шөбере) жеке бастарының мүдделері!

Дарынды жазушы Асқар Алтайдың «Көзжендет» әңгімесінен қазақ қоғамындағы көзжендеттік туралы біздің аңдағанмыз, байқағанмыз, түйгеніміз осы болды.

“Жас Алаш” газеті, 2008 жыл, 17 сәуір

* * *

Қоғам қоясын құстырған суреткердің бұл жинағына өрімі өзгеше өрілген “Қаладағы құпандар”, “Қара бура” повестері мен “Лайбаран”, “Көзімнің қарасы”, “Шаһид”, “Кентавр” сияқты қырық қатпарлы, терең ойлы бірсыпыра әңгімелері еніпті. Олар туралы пікір келер күннің еншісінде... Әзірге сөз тәмам.

Бірінші бөлім

ПОВЕСТЕР

... Сол күннен бастап жалғыз күн кешті. Өз күнін өзі көрді. Қиналды, қорынды, аш жүрді, тоқ болды, таяқ та жеді, жатар орын да іздеді. Қала ішін көп қаңғырды. Арада жылдар жылжыды, жазыда көп жортты. Жонын бермеді. Ізшіл келді, иісшіл болды.

«Қаладағы құтпандар»



ҚАЛАДАҒЫ ҚҰТПАНДАР

Қарашаның құлатөбел күндері.

Аумағы ат шаптырым саябақтың ішіне қарашаның қара күзі түскен. Кәдімгі қатқақ күз. Қарсыз. Қар бір жауып еріп кеткеп. Ағаш біткен жүзін жасырған жазғы жамалынан жақында соққан сұрапыл дауылдан кейін құлантаза арылған... Қараша мейрамының қарсаңы еді. Бұл қалада бұрын-соңды болып көрмеген қатты дауыл тұрды. Қыркүйек пен қазаннан қалған, тоңған торғайдай қалтырап тұрған сирек жапырақтарды шелектей жауған жаңбырымен жер жастандырды. Ойда жоқта ойқастаған дауыл таңға жуық саябырсып, арты ақ мамық қарға ұласқан.

Мойнынан су кеткен бес ит баспана іздей бет-бетіне безді... Алпамсадай Ала төбет, қара овчарка – Тік құлақ, сүліктей Сары тазы, қоспа қанден – Торшолақ, сүйіріктей қаншық – Ақ қанден.

Жаз бойғы салқын сабат саябақ қорған болудан қалған бұларға. Торшолақ пен Ақ қанден зытқан беті саябақта баяғыда салынған ескі кинотеатрдың іргесіндегі қуысқа бөгелместен зып берген. Қанден атаулы зәндем. Жылы еденнің астында жатыр... Салпаң құлақ Сары тазы мен Тік Құлақ қара аққан қалпы әжетхана ішіне қойып кеткен. Сасық болса да жылы әрі жайлы. Ауызғы бөлмесі тап-тұйнақтай. Көсіле бер... Аңғалдау Ала төбет қана арсаландаған беті кебежедей қисық-қыңыр төңкеріліп жатқан қайықтарды паналады. Біріне бірі кесе көлденең аударылған қайықтар жазғы жаңбырдан талай пана болған. Ол кезде су көтеріле қоймайтын. Басын екі аяғының үстіне салып, қайыққа тырсылдаған жаңбыр тамшысына құлақ түріп, қозғалмай жата беруші еді. Көз алдына қимас күндерін қиялмен оралтатын. Қазір астынан су сел боп ағып, төрт аяғынан тік тұр. Сирағын су шаюда. Жаздың жылы жауынын елемей терек түбінде, көк шөп үстінде жата беретін басына енді қорғалайтын күн туыпты... Осыны түйсінген төбет.

Суық жаңбыр таңға жуық толас тауып, қар мамығы құйылған. Ертеңгісін күн жаймашуақтана қалды. Тобықтан түскен қар тез еріп кетті. Мейрам күндері жылы, халық мол болды. Иттердің жабайы тұқымдастары тұратын хайуанахана жаққа жиналған жұрт жетерлік. Темір торға телміргендердің көбісі бала-шаға, жігіт-желең, қыз-қырқын. Үлкендер де баршылық.

Күз түскелі қарындары құр тартып жүрген бес ит бір тойған сол мейрам. Саябақтың түкпір-түкпіріне шейін шөп үстінде, ағаш арасында шашылып қалған, тастай берген, лақтыра салған тағам қалдықтары жайрап жатқан. Темекі қорабы, бос шөлмек, оны-мұны салатын арнаулы қоқыс түбектер де толып қалыпты.

Сол күндері шарайнадай көктім көкте қиық ай жүзген. Қала ішінде қараша қарасуығын үдетті. Туған ай шалқақ. Ай басы.

Кешқұрым. Аздап желемік бар. Саябақ іші сұп-сұр. Ағаштар атаулы сидаң. Өлқая шөптің үсті боз қырау. Туған ай толған.

Ала төбет бастаған бесеу тағы туыстары тұратын хайуанаханаға қарай қозғалды. Төбет – жас болса да бас. Ірі, кеуделі келген, қол-аяқтары балғадай. Қасындағы салпаң құлақ Сары тазы талай қансоқтаны көрген сыптығыр. Қатар жүрген Тік құлақ қара апшәркіге қала тіршілігі туғаннан таныс. Қалған екеуі – Торшолақ – ит пен қанденнің ортасынан туған қоспа, қатпа қозы секілді. Бітәна. Жалғыз қаншық Ақ қанден кәрі. Лақса. Нағыз қанденнің өзі.

Хайуанаттар тұратын темір қорғанды бұл маң тыныш. Құлаққа ұрғандай. Ала төбет тура есікке тартты. Алабажақ торланған темір қақпаның қуысынан бесеуі де еркін енді. Ешкім кедергі болған жоқ. Жұмысшылар баяғыда кетіп қалса керек. Бәрінің алдында Ала төбет. Ол ешқайда жалтақтамастан жол үстімен тартты. Алғаш жолыққандары кәдімгі үй жануарлары тектес жабайы малдар. Кейбіреуісі сыртқы қашаның ішінде жүр де, кейбіреуісі жабық қораларына кіріп кетіпті: көзге түсер емес. Үлкенді-кішілі сүмендеген бес итті көргенде елендесіп қалғандары да, мойын бұрмағандары да бар. Көбісі өз тірліктеріне разыдай немқұрайды.

Салпаң құлақ Сары тазы жабайы малдарды көргенде көзі жайнап сала берді. Бірақ Ала төбеттің дөнайбатынан сескеніп, өз бетімен қия басқан жоқ, сыр да берген жоқ. Апшәркі Тік құлақ қана құйрығын бұлғандатып қашаларға таяй беріп еді, Ала төбет кейін қайт дегендей арс-арс ете қалды. Тік құлақ топқа еріксіз қайта қосылды. Қалған екі қанден еріп жүргендеріне мәз секілді, әйтеуір өз бетімен. Бастап келе жатқал Ала төбеттің өз есебі бар. Ол оқшау.

Аш иттер құс қамалған торгөз торлардың да қасынан елеусіз өтті. Тек үлкен темір тордың ішінде қалғып-мүлгіп отырған ірі қыран тектестердің тұсына келгенде, олардың кейбіреуі тор ішіндегі қолдан қойылған кесек жартастардың жиегіне ұшып-қонып далбақтап қалды. Иттер оларға бірақ мойнын да бұрған жоқ. Жөндеріне кетті.

Саябаққа қараңғылық тез түскен. Өне-міне дегенше апақ-сапақ қоюлана қалды. Толған айдың сәулесі саябақ ішін тінткілеген. Хайуанаттар тұрақтаған мекен де қанша қараңғылық құшағына енгенімен, айдың құдіретті сәулесі төгіліп, бәрі де көзге айқын шалынады. Жарықтықтың жарық сәулесі жалпы қаланың төбесінен қанша төнсе де, бүкіл қаланы қамтуға келгенде тұралап қалатын әдеті. Тіпті оның бар-жоғымен ешкімнің шаруасы шамалы. Ала төбет қана саябақтың ішінде айдың тууы мен толуын сарғая күтіп жүруші еді... Қасындағы серіктері де селқос. Сол ай бүгін саябаққа сәулесін аяған жоқ.

Бұлар әлдеқандай биік торды іргелеп келе жатқан. Тор іші қалың тоғай. Кенет тордың ар жағынан әлдебір жануар ата жөнелді. Ала төбет ұзын сирақ елік екенін аңдап қалған. Сол-ақ екен Тік құлақ қара биік торға аяғымен тырмысып, ішіне секіріп түспек болып ызалана ырылдады. Күткендей-ақ басқалары да темір торға шапшып, арсылдасып қалды. Ала төбет қойындар дегендей гүр-гүр етіп, оларды оп-оңай басып тастады. Торшолоқ қанден қыңсылап жіберді де, темір тордың түбіп қаза бастады. Қалғандары үнсіз қарасып тұр.

Қара топыраққа көмілген темір тор түбі оп-оңай аршылды. Сәл қазғаннан кейін Торшолоқ тордың арғы жағына жып ете түсті. Оның артынан іле-шала ұмтылған Тік құлақ апшәркі қуысқа сыймады. Қуыс бұған тар. Ол қолма қол іске кірісіп кеткен. Тегеуірінді тырнақтардан тоң топырақ кесек-кесегімен ұшты. Кешікпей бәрі де тордың ішінде болды. Кәрі Ақ қанден ең соңынан кірген.

Ағаш арасы алакөлеңке. Ай сәулесі сұйық.

Тірескті сулаған шықты шөп. Ол да әлі қурап үлгермеген. Иттердің қаланың тас жолына тасырқай тиетін мүйізгек табандары шыққа жуылуда.

Торға кірген бойда тықыр жүнді Сары тазы тұмсығын жерге сала тарта жөнелген-ді. Қалғандары да іле-шала ұмтылысты. Әсіресе, Ала төбет. Ол Сары тазыға ашулы. Бұған қарамастан құтыруын. Өттен, сирағы ұзын! Жүйрік. Қашса – құтылар, қуса – жетердің тап өзі... Сынаптай суситынын қайтерсің?! Көзі шоқтай жайнаған Ала төбет алып адымына басқан. Кешікпей-ақ ағаш арасындағы алаңқаймен өзіне қарай ұшып келе жатқан елікті аңдады. Сары тазы қайырса керек.

Елік те мұны байқаған. Ол ағарандаған Ала төбеттен аулақтамақ боп жалт бергенінше, төбет те жетіп үлгерген еді. Алакөлеңкеде ағаш арасынан екпінімен келіп секірген төбет елікті ала опыр-топыр жығылған. Тұра сала ес жиып үлгермеген нәзік бейшараны тап тамақтан қапсыра қапты. Өткір тістерін барынша батыра толғап тартқан мезетте еліктің тамақ терісі дар айырылып, қызыл қан шүмектеп атқылады. Тыпырлаған тұяқ тұрмақ болып ұмтылғанмен іле-шала жеткен Сары тазы мен Тік құлақ ауызды жұқа шап пен қонды санға салған. Үш бірдей бұғаналы кесек ит үш жақтап жабылған соң, еліктің ақырғы тұяқ серпуге де шамасы келмеді. Торшолоқ пен кәрі Ақ қанден жеткенде, әрқайсысы өзінше іске кіріскен-ді. Бұлар да келген бойда азуды қызыл етке қайраған.

Маңай тыныш. Ашық алаңқайда қорқ-қорқ асасқан бесеу зілсіз ғана ырылдасып қояды. Бесеуі де етке тойып алуға тырысқан. Әйтеуір қомағайлана бас қойысқан. Алыстағы жарық ай суық сәулесін төккен. Алакөбең түн баласы ызғарлы. Қарашаның ызғары қармаған қаланың хайуанханасы ішіндегі аядай алаңқайда төрт ит эп-сәтте арық еліктің аз етін сыпырып-сиырып соғып, сүйек-саяғын жаласып қалды.

Ала төбет қана жемтігінің кеудесімен қоса бір қолын бөліп алып еді, әзірге қанша қарпыса да, қол мен санды тауыса қоймаған.

Өзінше сырттай бөлек жатқан оған жақындауға қалғандарының жүрегі дауаламаған. Тек, кәрі Ақ қанден ғана бұрандай басып, құйрығын бұлғандатып, төбеттің арт жағынан жанасты. Төбет азуын саннан айырмастан ызалана ырылдады. Бірақ Ақ қанден айылын жиған жоқ, қайта Ала төбеттің ала құйрығы мен сирағына ұзын тілін сүйрендетті. Алдыңғы аяқтарымен жартылай таза мұжылған санды қысып, төрттағандап жатқан төбеттің біртіндеп сауырын, сосын кішкене басын тыға бауырын жалай берді Ақ қанден. Төбет ырылдағанын қойып, көз қиығын ғана салып, еліктің санын мүжи түскен. Ақ қанден басын бауырына тыққан сайын бойында бір сезім бас көтерген. Төбет мойнын бұрып, бауырына жабыса тұмсығымен иіскелей, ыпыстық тілімен жалаған қаншық қанденді өзі де бөксесінен түртіп, үн шығарды. Төбеттің тұла бойын осы сәттен бастап өзгеше бір құйын сезім биледі. Ол сезім бірден-ақ іштен күш алып, төбетті өз ырқына көндіре бастаған. Енді ол етті тастай бере қанденді айналсоқтап, құлқынның құлы емес, сезімнің соңынан ілескен... Ақ қанден де тік түрегелген төбеттің тұмсығын иіскеп, сүйрік тілдерімен сипай берді. Әсіресе, тар қолтық пеп жұқа шапқа мойнын созған. Төбеттің тұла бойын шымырлата бар бауырын ұзын тілімен түк қалдырмай ақтаған.

Бұл кезде бағанадан алыстан бой тартып тұрған үшеуі еріксіз екі итке қарай жақындады. Ала төбет енді оларға да, қызыл етке де көңіл аударған жоқ. Ақ қанденді айналшықтай иіскелеп, ерекше бір күйге еніп, өн бойында әлі де өндірі, ашқарақ балаң сезімдері оянып, өзімен өзі әуре. Ақ қанден енді төбетті тастай бере үш ит таласа-тармаса жел жатқан етке ұмтылды. Ала төбет көзі шарадай жанып, Ақ қанденнің бұлғандаған үлпілдек құйрығымен бірге ерді.

Олар төбет азу батырып, қарсылық көрсетпегеннен кейін аз уақыттың ішінде қолды қолдай, төсті төстей талқанын шығарды... Ала төбет болса Ақ қанденнің қызығына қанғалы бойында ыстық қаны көтеріліп, өзгеше бір құмарлыққа көңілі біржола ауған. Енді оны тоқтатар күш жоқ. Ақ қанден де тұлғалы төбеттің емірене иіскелеп, тұла бойын жалықпай жалағанынан өзінің қаншықтығын тұңғыш рет сезінген еді... Ғұмыр бойы үй ішінде қамалып, аялы алақанның сипауымен өскен қанден қартайғанша өзінің нәсілі тектеспен бір де бір рет бірге болып көрмепті. Тым құрыса ойнақ салып бой да жазбапты. Үнемі қамақта күн кешіп, кейде ғана кешкісін көше қыдырып қайтатын. Қалған уақытта бөлмеде, болмаса бесінші қабаттың балконы – белдеубесікте көзін сататын. Жанның рахаты осы деп пайымдады-ау бұл. Өмірдің қызығы сөйтсе басқада екен... Мына тұқымдастарымен қатар жүргеннің өзі бір ғанибет! Жалғыздықтан жаман не бар.

Айлы түнді алаңқай.

Албырт Ала төбет те Ақ қанденді қуалай ойнап, алғаш рет еркінен тыс күшке мойын ұсынған. Қарашаның қара суығы да бұл екеуіне әсер етуден қалғандай. Екеуіне ерген үш иттің де қарындары тойған соң ба,

әлде Ақ қанден мен Ала төбеттің әрекеттері әсер етті ме, олар да кәрі қанденді иектеген. Алаңқайда әлсін-әлсін таласып алып, біріне-бірі көз алартысып, қанденді өзара қызғанысып, әлгінде кірген темір тор тесігіне қарай қозғалды. Алдыда – Ақ қанден. Кимылы ширақ. Оның артында өкшелеген төбет. Ең артта – Торшолак. Ол да дәмелі... Түн ортасы. Ай көтеріле түсіпті.

Ажалын күте елендеген еліктің сыңары қоршалған үлкен темір қашаның бұрышындағы төбесі жабық жылы қораның ішінде қала берді. Екі танауы желп-желп етеді. Танауларын қусыра пысқырынып та қояды. Иттердің бірақ бұған бұрылуға шамалары келмей қалған. Олар тып-тыныш хайуанахананың ішін мезгілсіз мазасыздандырып, бір-бірімен жаңа табысқандай жөнсіз қуаласып, өз жөндерімен кетіп бара жатты. Түн ортасында шала бүлінгеп тағы тұқымдастар қала берді. Күзетші атаулы сонда да көзге түспеді. Оның бары-жоғы белгісіз: жым-жырт. Мазасыз – хайуанахана ғана.

Үйіккен иттердің нағыз ойнағы саябақ ішінде басталды. Ақ қанден алакөлеңке бақ ішінде қылаң қағып, ақ қырау жапқан шөп үстінде емін-еркін ойнаған бір. Өзі де көбінесе Ала төбетке қарай жақындаса береді. Ала төбет те аналардай емес, аса бір іңкәрлікпен ұмтылады. Оның бойындағы балғын қуат барған сайын еселене түскендей, талығу, шаршау дегенді білмейді. Сезіміне мас... Соқталдай сымбатты. Кеуделі келген апай төсімен маңындағыларды қағып тастайды. Десе де жүзіктің көзінен өткендей сыптығыр Сары тазы ебін тауып кетеді. Ара-арасында жанын сала ұмтылған, кейде Ала төбетке жағымси бұралқылана қыңсылап қоятын Тік құлақ қара апшәркі де қанденнен құралақан қалып жүрген жоқ. Ол да майланған. Есесі кетіңкіреп жүрген Торшолак. Оған да оңы туып қалатын сәттер бар. Көбінесе төбет – тазы – апшәркі болып өзара ырылдаса айқасып кеткенде... Бұл бір қолайлы кезен. Ана үшеуі мұны ұмыт қалдыратыны да жақсы.

Бес ит таң қараңғысында ғана саябыр тапты. Маңай көзге түртсе көргісіз қараңғы. Ай батып кеткен. Түнімен көздері шоқтай жанған иттер де ұйлығыса жатыр. Қақ орталарында кішкене Ақ қанден. Біріне бірі бастарын тыға ұйқыға кеткен. Түбітті жүндерін қырау шалып, бауырларын төсеген шықты шөп еріп, тонды жер жіпсіген.

2

Көк аспан көгіс тартты. Әлденуақтан кейін ақжемденді. Жерге жарық түскен. Саябақ ішін таңғы салқын қағып тұр.

Иттер әзірге ұйқы құшағында. Мазалайтын ештеңе жоқ. Маңай мөлдір. Боз қырау бүтін тіпті қалың. Иттердің сауыры да ақшулан. Ала төбет төбедей болып ерекше көзге ілігеді. Ол түс көріп жатыр. Көзі ұйқыға бара берсе, осы түс орала кетеді. Оянғанша көретіні сол бір түс. Басқа ештеме де кірмейді. Көретіні бір-ақ түс. Қазір де түстің жетегінде...

Көзін ашқалы әлдебіреудің қарулы қолы желкесінен мытып алып, енесі мен өзі секілді ұяластарының жылы қойнынан суырып, үнемі сыз тартып тұратын резінке еден мен тымырсық темір қораптың ішіне тастай салады. Алғашқы кезде жылы бауырды сағына іздеп, күні-түнімен сілесі қатқанша қыңсылап жүрді де, біртіндеп жалғыздыққа да, жанды қармаған суыққа да үйренді. Қарулы қатты қол мұны енесінің бауырына күніне үш уақ, кейде екі-ақ, тіпті бір-ақ рет салатын. Оның өз себебі бар... Темір қорап деп жүргені жеңіл машина болып шықты. Сол машина кейде қозғалып кетіп, ырғала шайқап, бұғап маза бермей қаңғитыны бар. Сонда ғой таңдайының кебетіні: қарны шұрылдап, жүрегі сазып, көз алдына тырсиган емшек елестеп, тамағына қант аралас ақ дәмі келеді. Ондайда машинаның иесі де көңіл аудармайды. Өз бетімен. Бұл да бұралған қалпы өзімен өзі.

Мұның аш қалатыны аптасына екі, кей аптада бір рет. Әрине, көбінесе екі рет.

Иесі үлкен қалаға жеткенше де екі-үш сағат жүреді. Сосын иір-қиыр көшелер арасымен қаңғылестеп келіп, бір биік үйдің қарсысына тоқтайды. Күшік артқы жұмсақ орындық үстіне шыға алмаса да сезіп жататын. Кейінірек қол иесінің қайда тоқтайтынын байқағаны... Иесі орта жасқа кеп қалған адам. Өңі суық. Өте таза, мінсіз киініп жүреді. Машина тоқтағаннан сәл уақыт өтпей-ақ әлі уыздай бойжеткен есікті ашып, алдыңғы орындыққа жайғасады. Ала күшік оның оқтаудай балтырына екі креслоның ортасынан қызыға қарап жатады. Шіркін, шап етін тістеп алар ма еді деп аузының суы құриды. Қыз болса қымсынбайды да... Қызыл туфлиі мен қызыл қысқа юбкасын көрсете түскісі келгендей қозғалақтайды кеп. Бірақ күшік қыз киімдерінің қызыл түсін барлық басқа иттер секілді айыра алмайды. Сондықтан да қалаға келе жатқан жол бойында жасыл желек жол жиегін, алқызыл алау қызғалдақтарды ажыратпайды. Оған дүние атаулы ақ пен қарадан ғана тұрады...

Ерте көктем болса да күн жылы. Қала сыртындағы, тау бауырындағы тоғай арасы жаймашуақ. Иен. Жеңіл машина және бұл үшеуі осы арада ұзақ болады. Неге екенін кім білсін, ала күшік үйде де, түзде де машинадан сыртқа шықпайды. Шыққан да емес. Мұның құмар көңілі құштар болғалы қашан?.. Шыққаны сол – енесінің мамасын сорарда ғана иесінің қолында салақтап барып қайтады.

Бұрала басқан бойжеткен бұған бірдеңе берейін десе де, алғашқы кезде бір-екі рет басынан сипап қалса да, иесі ештеңе бергізбейтін, кейін жұмсақ алақандарымен сыйпауға да тиым салған. Бәлкім көрінгеннің қолынан дәм татуға дәндеп, көрінген аялағанға бұралқы болып қалады деп қауіптенсе керек. Кейде иесі ала күшікті қыз отыратын алдыңғы орындықтың қуысына тастайтын. Ал өздері артқы креслода түн ортасы болғанша бірге болатын... Сондай кездерде ғой ішінде ит ұлитыны... Бірақ істер лажы жоқ. Олар – екеу, бұл – біреу.

Машинаның іші мекені болып, күзетшіге айналғалы да екі айдың жүзі. Арт жақтағы жұмсақ орын үстіне секіріп шығуға жарап, жайғасып жүрген. Енесінің бауырынан басқа күшіктер алынып, бұл ғана арда ему бақытына ие болған кез. Мамырдың басы. Күн қызған, жер жасарған. Бірақ машина ішінен шыққан емес. Әйтеуір қалаға, басқа да жерлерге серуендеп қайтып тұрады. Ешкім мазасын да алмайды. Иесі балаларын да жуытпайды. Жатар жері кең, мекені тар демесе, жағдайы жақсы. Бірақ еркіндікке жетпейді. Далаға шығып бір бой жазу неге тұрарлық. Түздің аты түз. Таза ауасы. Аунап-қунар қара жері. Жетпейді ғой – жетпейді. Иесі де иінінен басып қойған. Үрген дауысы да машина қорабынан құмығып естіледі. Көмескі дауыс. Ол кімге жетер, кімді селт еткізер.

Тамақ іште беріліп, нәжіс резіңке еденмен бірге алып сөткесіне неше қайтара жуылып тұрады. Мұнтаздайы – мұнтаздай. Көкірегі мұнарлы... Қол-аяғы туғалы жазылып көрген жоқ. Жазғызар да емес. Оп-оңай жолмен қамап, матап қойған. Жылылығы да жоқ, жылуы да жоқ иесінің. Түзге терезеден қарап телміріп отырғаны... Бұл да алғашқы кезде қарнының тойғанына мәз еді. Келе-келе қиялға шоматынды шығарды. Құр қиялдан да не пайда қамақта отырған соң.

Мамырдың алғашқы бір күндерінде даладағы құж-құж халық қайнап жатқан базарға келді. Иесінің қасында әйелі бар. Иесі бүгін неге екені белгісіз: ашулы. Әйелі де сыздап тұр. Олар тор-тор темір қақпадан қалың нөпір ішіне араласып кеткен. Ала күшік жалғыз. Артқы орындықтың иығындағы текшеге шығып, тершіген тұмсығын салқын терезеге басты. Бойына салқын әйнектен бір діріл жүгірді. Салқын әйнекке секем ала қараған... Базардың тап-тар қос есігіне жақын қойылған машинаның арт жағын ала ағыл-тегіл халық саулап жатыр. Бәрі де әлденеге асығыс. Бұрылуға мұршалары жоқ.

Машинаның бүйір жағынан ит үрді. Ала күшік жалт бұрылды. Кішірек бір бала ит жетектей, бұған қызыға қарап тұр екен. Иті етженділеу келген семіз, тақыр жүнді, құлақтары шұнақтау қара. Бойы серейген биік әрі тұрқы да ұзын. Ала күшік те өз нәсілін мына құмырсқаша қаптағандардың ішінен көргеніне қуанғандай арс-арс үріп, артқы орындықтың желкесіндегі текшеден секіріп түсіп, қабырға есіктің жоғарғы ернеуін тырналап үре берді. Бала күшікке бірдене деп айтып, күліп тұр. Тақыр қара ит те арсылдады келіп. Кішкене қолдарымен шынының сыртынан күшікті сипалады бала. Ала күшік алдыңғы аяқтарымен ызалана шапшып, тырнақтарын батыра тырналап ыр-ыр ете қалды. Қара ит мойнын соза әйнекті жалады. Бала есіктің тұтқасын байқап көрді. Міз бағар емес. Келесіге жылжыды. Иесінің есігі. Ол тастай. Күшік іште аласұра үрген. Ит жетектеген кішкене адам машинаны алдынан айналып өтіп, бағана әйел шыққан есікке жақындады. Есік ойда жоқта тырс етіп ашылып кетті. Ешкім күтпеген. Әсіресе, ала күшік. Ол алдыңғы орындыққа секіріп, сыртқа өзін бір-

ақ атты... Тұңғыш рет өз аяғымен, өз еркімен қапас қамақтан шықты. Оған себепкер өзі секілді сәби бала. Ол бұған, бұл тысқа құмартқан еді.

Шыққан бойда балаға ұстатпастан қолды-аяққа тұрмай қарғып-қарғып алды. Қатар тұрған машиналар арасымен қашқан қояндай құлдыраңдап, ашық көшеге қарай ұмтылды. Баланы да, қара итті де ұмытып кеткендей. Асығыс-үсігіс өтіп жатқан адамдар аяғының арасында допша домалап барады. Аяқ астында жүгірсе де еркіндікке шыққанына шат-шадыман... Онысы ұзаққа бармады, желкесінен иесінің қолындай тегеуірінді бірдеңе қапсыра тістеді де, серендете көтеріп алды. Қара ит екен. Ол кері бұрылып, жүгіріп келе жатқан балаға бере салды. Бала қолға алған бойда басынан сипай берді. Күшік алғашқы кезде өзін бір-екі рет сипаған осы қаладағы қыздың қолын еске түсірді. Ит болып жаралғалы енесінің бауырында аз-маз тілмен жаланғаны, сол бір қыздың андаусызда сипаған аяушылығы секілді жайдан кейін тірі жан атаулыдан мейірімді көрген емес. Күтуден де қалған. Өзінде өзгелерге деген суық сезім пайда болған. Бүгін соны сынап тұрғандай. Бала болса мұның балғын бойын балқыта сипай берді. Күшік те берілейін деген. Ол да бір риясыз сезім құшағында. Мұндай жанын ұйытқан құшақта болған емес күшік. Қазір еркелей қыңсылап, баланың қолын жалайды. Жаны жай үстінде жатыр... Маңайда адамдар қызыға, бұрыла қарайды. Ала күшік кейде жерге түскісі келеді. Түссе айырылып қалатындай бала да жібергісі жоқ. Қара ит еріп келеді. Ала күшік қайда келе жатқанынан да хабарсыз. Иесі де ойында жоқ. Тысқа шыққанына шын разы. Басқаның керегі де жоқ бұл үшін. Жұмсақ орындықты жатар орынның құны бес тиын қазір... Кейінгісін көріп алар.

Бөтен аулаға енді. Әшекейленіп салынған оңаша үй. Бала қақпаны жауып, қара итті қарғыбауынан сыпырып бос қоя берді. Аулада қадау-қадау қай заманғы ағаштар өскен. Күн ыссы. Күшіктің тілі аузына сыймай салақтап қалған-ды. Бала әлі қолынан тастамай жүр. Үйге өзімен бірге алып кірді. Ауыз бөлмеде шешесі екі-үш үйелмелі-сүйелмелі балаға тамақ беріп жатыр екен. Бұларға әйел сәл қарап тұрды да, дүрсе қоя берді. Бала да сыртқа қашқан, күшікті тастай қоймаған. Бірақ адуынды әйелден аулада құтыла алмады. Оп-оңай қолға түскен. Әйел желкеден жетпегірді түйіп-түйіп жіберіп, көзі үрейден атыздай болған күшікті жұлып алып, қақпаға қарай беттеді. Бала етегіне оралды. Оны тізесімен қағып жіберіп құлатып, ашумен теуіп те жіберді. Бала қайта ұмтылды. Енді әйел тоқтай қалып, айғайлаған қалпы ондырмай тепкен. Ол сонда жансебілдікпен де қайсарлана қасарып жүгірді.

Бөгде қол күшікке де батып кеткен. Осыны күткендей-ақ ала күшік те шап етіп тістеп алды. Дола әйел мұны басынан қырсаулай қысып, қақпаны жартылай аша сыртқа лақтырды... Ала күшік асфальтқа арқасымен түсіп қаңқ ете қалғанда, темір қақпа да шанқ етіп жабылды. Баланың дауысы шарылдап жатты. Күшік қаңсылай орнынан көтерілем

дегенше, бір жеңіл машина кедергішін басып, жер тістей тоқтап, мұны таптап кете жаздап айналып өтті.

Ала күшік осылайша далада қалды... Қала іші. Өлмес.

3

Күн нұрының жүзіне ойнаған суық сәулесінен Ала төбет оянып кетті. Күн көтеріліп қапты. Иттер ұйқыда екен. Саябақ іші суық. Кешегіден де суық тәрізді.

Төбет төңірегінде апандағы ұяластардай тұмсықтарын бір-біріне тығып жатқан тұқымдастарына қарап есінеп қойды. Суықтан тоңазыған денесі тітіркеніп, түбіті қалындаған жүні жай ғана жыбырлады. Ұяластары қозғалар емес. Бәрінің ортасында үстін жапқан ақ қырау таңғы шұғыламен шағылыса Ақ қанден жатыр. Сәулемен шағылған қанден сұлу-ақ... Қартайғандығы да білінбейді. Қалғандарының сауырындағы қырау қандендікіндей көздің жауын алып, жүректі шоқтай қарымайды. Жай ғана. Төбет үшін тіпті елеусіз.

Бұған жақын жатқан жіңішке Сары тазы орақтай иіліп, басын бұтына тыққан. Торшолақ шала қанден Ақ қанденнің үстіне түсердей өңмендей ұмтылған қалыпта қатып қалыпты. Тік құлақ қана шетте өскен шетендей кеудесін теріс қаратып, беленді бөксесін ғана бері салып жатыр... Бесеуінің осы жатысының өзінде мән бар.

Қағажу көргендей шеттеп жатқан Тік құлақ қара осы иттердің басын құрап еді... Ала күшік те көктемде қала ішін қаңғып жүріп саябаққа кез келіп, Тік құлаққа тап болған. Тік құлақ ары-бері аударып, аяғымен қаққыштап, өз тәрбиесіне алып, артынан қалжуырдай қалдырмай ертіп жүріп, есті ит қатарына қосқан. Алаша жаз салқын саябақтың ішінде емін-еркін жүріп, дамылсыз келіп-кетіп жататын екі аяқты пенделердің шілденің боғындай шашқан тамақ қалдықтарына тыңқия тойып тез ержетті. Жаз ортасында Сары тазы қосылды. Оның қайдан келіп, қайдан тұрғаны жұмбақ... Үшеуі біріккелі арандары да ашыла түскен. Сары тазы таза тазы болмаса да, ең жаман әдеті – сумақай қорқаулығымен көзге ілінді. Тік құлақ та одан кем түспейді. Ол – нағыз бұралқы. Қалт-құлт тәлтірендеп кетіп бара жатқан сәбидің қолындағы кертілген ыстық самсасын жанамалай бере тілімен жалай қағып кетеді. Сәбиін қызықтап отырған анасының өзі де байқамай қалатынын қайтесің. Сары тазы да, Тік құлақ та епті-ақ... Мұндай жолбасшыларының баулуындағы Ала төбет те осал болмақ емес. Бірақ ол адамдарға көп жуымайды. Күшік кезінен қатыбастау болып, жалғыз өскен ол кейін көшедегі тас жолға оңбай құлағанын ұмыта алмай-ақ қойды. Содан да адам атаулыға жуығысы жоқ. Бірақ оларға іштей бір сезім тартып тұрады... Неге? Өзі де түсінбейді. Сәбилердің інгәлаған үні мен балалардың шулаған дауысын естісе, баяғы өзін үйіне апарып, шешесінен таяқ жеп жатқан баланың шыңғырғаны миын шабақтап

өтеді. Ала төбет осыны еске түсірген сәтте бір жаққа безіп кеткісі бар. Әйтеуір, сондай бір күйде қалатын.

Ақ қанден оянып кетті де, құйрығын бұтына қыса қыңсылап, ит біткеннің бәрін мазасыз тірлігімен шырт ұйқысынан бұзды. Бәрі де қырау шалған денесін қағып-сілкіп, жылы орындарын суытты. Ағаш арасында бірін бірі ауыртпай тістелеп, аунап-қунап алысты.

Шөп беті боз қырау. Күн көзі бозаң.

Иттердің кешегі кешкі еліктің етінен тоғы тарқай қоймаған. Барлығы да Ақ қанденді майлы ішектей қайта айналдыра бастады. Басқа дүниелерге тояттап, тәбеттері тек соған ауғандай. Бірін бірі жеп қоюға бар. Бойларында қандары тасып-ойнап, құйындай басқа шапқан сайын аямай-ашпай ақ азулармен қарпысып қалып жүр. Түнде ғана тұмсықтарын тырыса ұйықтаған мақұлықтар дәл қазір қас жаулар дерсің. Азумен жұлқып, аяқпен қағып тастайды. Бәрі де жат. Қатар жүрсе де жеме-жемге келгенде қауып жібереді. Ылыққан олар былыққан.

Қанден кейде қырқысқан үш бірдей үлкен иттің ортасында, ұзын сирақтары арасында қалады. Ондай кезде қаңсылап жатып, опыр-топыр ойыса бергенде аулаққа тұра қашады. Дәл осы мезетті күткен Торшолақ бүйірден киіп кетеді. Оның да көңілін табу керек. Меселін қайтара алмайды... Бұл екеуін андығандай әлгі таласып жүрген үшеудің бірі – Сары тазы аққан жұлдыздай жетіп-ақ келеді. Аққан беті Торшолақты аударып кетеді. Торшолақ та шақар. Шамасына қарамай аударғанның алқымына қарғиды. Тәпелтек болса да тегеуірінді. Есесін жібермейді.... Жанталас жаратылыс. Табиғаттың тылсым тірлігі.

Ақ қанденнің жүрегі сазып, қарны орта түскен. Күн түс боп қалған. Бірін бірі қуалаған тырнақтылардың тоқтар түрі жоқ. Күннің суығын да сезер емес. Іштей қызу толқын қысып, сырттай жанталасқан олар тамақты да ұмытқан сыңайлы. Ақ қанден ғана ары-бері тартыстан талықси шаршаған. Қазір алғашқы қарқындағыдай қаша беруге де шамасы шамалы. Бір орнында басына түскеніне көніп, бәріне де мойын ұсынған... Қыңсылап тұра береді. Бұған дейін қолда ғана күн көріп, бір бөлмеде кемпірмен ғұмыр кешіп, өзін ұрғашы сезінбегені де ақиқат. Жалғыздық қана билеген-ді.

Күн түске тырмысып, маңайда мұнар көтерілген. Саябақ іші селдір тұман.

Ұрғашы Ақ қанден жалғыз басты кемпірдің қолында бірге ғұмыр кешкен.

Кемпір жалғыз емес еді... Үйіне ұлдары келіп, келіндері соғып тұратын. Қызын көрген емес қанден. Оның бар-жоғынан да бейхабар болатын. Бұл кемпірдің қолында он жылдан астам тұрды. Алғаш

жұдырықтай болып келгенде-ақ иесі қарт еді. Бірақ адуынды. Арада біраз жылдар өткенде кемпір қанденнің көз алдында кеміп, суда тікесінен жүзген шөркедей шөгіп, шүйкедей болып қалды. Неге екенін кім білсін, бұған келіп тұратын ұл мен келіндері де аяқтарын жылдан жылға сиретті. Аяғы біржолата жалғыз қалды күңіреніп.

Келе-келе ауру да иектеп алған. Бесінші қабатқа көтерілу де қиындады. Ақ қанденмен кешкілік анда-санда көше қыдыруды да қойды. Қанден балконнан телміруді ғана қанағат тұтқан. Қанден де қартая бастаған... Екі қарт бір-бірін жақын жан тартып, ес көретін. Бір бөлмелі үйде екеуден екеу өмір сүрді.

Қанден ақ борықтай таза, домаланған жұп-жұмыр семіз еді-ау! Не ішемін, қайда жатамын деп қиналған жоқ. Кемпір не жесе, соны жеді: кемпір жатқан төсекте қатар түнеді. Мұның жанына бататын кездер – кемпір төсек тартып қалғанда... Бір жолы ол қатты науқастанып қалды. Кемпір кешке дейін тұрмаған соң, амалсыздан өзі құлқын үшін қозғалған. Ас үйде орындыққа секіріп шығып, орындықтан үстел үстіне қарғыған. Үстелдің үсті бірақ жылан жалағандай екен. Шкаф жабық. Көзі газ пешінің үстіндегі ыдыстарға – бос табадан мен жабық мескейге түскен. Екі орта недәуір жер. Бірақ басқа амал жоқ. Газ пеші биік. Үстел ғана оған деңгейлес. Аумағы тар үстелдің үстімен екі-үш аттап жүгіре секірген қанден мескейдің шетінен тырнағы ілініп, мескейді өз басына төңкере еденге құлады. Мескейдің ішіндегі кеше кешкіліктен қалған салқын көже басынан аяғына құйылды. Ыстық болса күйіп-ақ қалар еді бейшара!.. Қарны ашқан қанден төгілген аз-маз тамақты әп-сәтте еденнен сыпырып-сиырып соғып алды. Мескейдің ішін де тақырлап жалап тастады. Еден үстіне ештеңе де төгілмегендей жып-жылтыр.

Кемпір қиналмай кетті... Солай кеткені де сор болды ғой. Бірақ түнде ұйқыдан оянбай қалды. Тым құрыса бір неше күн ауырып жатқанда. Қанден ашыққаннан есік тырмалап, ауырып жатқанын жұрт алдын ала сезер ме еді? Әй, қайдам?! Кемпір өлгеннен кейін бір сөткеден соң-ақ Ақ қанден үй ішінде жалғыз шәуілдеп үріп, қиңсылап есік тырналады. Бірақ ешкім үн қатқан жоқ. Құлақтарын тарс бекітіп алғандай. Бұдан түк шықпаған соң белдеубесік – балконның есігін төмен жағынан тырмалап жүріп ашып алды. Тағы да күнімен-түнімен шәбелене үрген, тіпті болмағаннан кейін тамағын қырнап, жағы талмастан сарнап ұлуға көшкен... Түн баласында ұзақ-ұзақ ұлыған. Көршілер түн ішінде белдеубесіктеріне шығып, бұл отырған белдеубесікке ыстық су шашып, үйге қуып тыққан.

Арада бір неше күн өткен. Жаздың ыстық күндері. Кемпірдің денесі иістеніп сасып кетті. Өліктің жан шыдамас күлімсі иісі қолқаны атады... Ит екеш ит те шыдамаған. Шыдамасқа шарасы жоқ бірақ. Қолынан келгені белдеубесік есігінің текше табалдырығына отырып алып, ұлы жоқтауы – ұлуына басқан-ды... Кемпірдің өлімін күндіз де, түнде де аза тұтқан жалғыз өзі. Қарт қанден.

Осындай қаралы күндердің бірінде есік қағылды. Қанден есікке жүгірді. Ол іштей шәуілдеп үре берді. Қонырау ұзақ безілдеп, артынша есік қатты-қатты қағылды. Ақ қанден енді ұли жөнелді. Сыртта есік алдында адамдар жиналғаны дабұр-дұбыр дауыстарынан сезілді. Қанден тың тындап алып, қайта ұлыды. Қонырау қайта безілдеп, есік қайта қағылды. Қанден ұлығанын тоқтатқан жоқ. Есіктің ар жағынан адамдардың көбейгені анық сезіліп тұрды.

Сәлден кейін әлдебір күш дерматинмен қапталған есікті солқ еткізді. Қанден кері шегінді. Есік тағы да дүрс етті. Бұл жолы жақтау шытынап сынды. Ар жақтағы орасан күш үшінші рет соққанда жақтау қақырай, есік қол сиярлық сарт ашылып, темір шынжыр ұстап қалды. Ақ қанден кейін секіріп түсіп, шәбелене үрді. Ішке қол сумаңдай кіріп, шынжырды ағытты. Анталаған адамдар жиіркеніп, кейбіреуісі енбей, кейбіреуісі ішке өтті. Ішінде қанден көріп жүрген кемпірдің қос ұлы бар. Бәрінің алдында етженділеу келген әйел. Ол кіріп келе жатып қанденді қаңқ еткізіп теуіп кетті. Қанден аяқтардың арасымен кемпір жатқан үйге ұмтылды. Кемпірден қорғаныш табардай төсегі астына тығылды.

Әйел пысқырынып, өлік ісінен жиіркене лоқсып, белдеубесік терезесін ашты. Үй іші сонда да сасық. Өлік иісі аңқып тұр. Мұрын жарарлық. Екі ұлы еріндерін тістелеп, шешелерін ондап жатқызды. Әйел жақындамастан жылаған болды... Ол қызы болса керек. Келіндері баспалдақты коридорда қалған, кірмеді де. Кіргенде не бітірмек?

Осы екі ортада ақ халатты адамдар жеткен. Көздерін ғана сығырайтып, беттерін аппақ дәкемен тұмшалай таңып алыпты. Мойындары да ораулы. Қолдарында ақ қолғап. Олар әйелмен бір-екі ауыз тілге келіп, кемпірді алып келген жиналмалы кенеп зембілдеріне салып ала жөнелді. Ұлдары қарсы шыққандай болып еді, адуын әйел айқайға басты. Ана екеуі үндемей қалған. Әлде әйел затымен айқайласпайық деді ме, әлде кемпірдің сүйегін дәрігерлер қолына бергенге келісті ме, бір құдайға аян... Сасық өлікті қайтпек? Ақ халаттылар алса, қажетіне жаратар, қаражатын өтер!

Келгендер сүйек есіктен шығар-шықпастан, тізе бүкпестен бірге шықты. Екі ұлы есікті тез жөнден, кілтін әйелге берді. Әйел Ақ қанденді үйден қуып шыққан. Ол коридорда, баспалдақ түбінде қала берді... Аш та болса балалардың қызықтай берген қалған-құтқан тамағын талғажу көріп, екі-үш күн есік көзін күзетті. Кемпірді зарыға күтті... Бірақ ешкім оралмаған. Ақ қанден аз күнде азып кетті... Есесіне әйел бір жас жігіт пен қызды ертіп келді. Қанден олар баспалдақтан көрінген бетте жоғары қабатқа қарай зытып жоғалды. Әйел қасындағы шабадан көтергендер ішке енген соң, Ақ қанден де жартылап ашық қалған есіктен кірді.

Олар кемпір екеуі жататын болмеде тұр екен. Белдеубесіктің есік-терезесі ашық. Үйде күлімсі иісі кетпепті. Әйел екі жастан ақшаларын

санап алды. Шамасы пәтершілер болса керек... Басқа кімдер дейсің? Әйел қанденді байқап қалды. Қасында тұрған жас жігітке жылдам-жылдам сөйлеп, мұны көрсетті. Ол тап берген. Қанден тырағайлай қашты. Баспалдақты бойлай төмен жүтірген. Жас жігіт қанденді құтқарсын ба, баспалдақ бойында бір неше рет теуіп, төмен қарай қаңқылдата домалатты... Допша ұшқан қанден сыртқа шыққанша соққы көрді. Жігіт те обал-сауаптан құралақан боп шықты. Мейірім мен қайырым дегенді білмейтін жанның нағыз өзі... Аяушылық күтудің өзі бекер.

Ақ қанден қатар салынған қабат-қабат үйлердің қалқасымен зытып бара жатты. Адамдарға деген жүрегі суып, жалғыз өзі көше-көшенің қалтарыс жерлерімен тайып отырды. Өстіп жүргенде саябаққа кез болған. Бар рахатты осы жерден тапқандай болды. Топталған иттерге қосылды. Иттер бауырына тартты... Өз тегі, өз үйірі ғой: өз жаны, өз тәні.

* * *

Үйіккен иттер саябақтан сырттап кетті. Бірін бірі солықтай куалай-куалай дінкелері де құрыған. Қала шамдары жарқыраған көшемен түн жамылып келіп қан базардың үстінен шыққан. Ел аяғы әлдеқашан басылған шақ.

Базардың шамдары сөнген. Бұлар темір қорғанның кесек көздерінен емін-еркін ішке өтіп, жабық үлкен үйді бір айналып шықты. Әйнек есіктерін шынжырланған қара құлып күзетіп тұр. Ала төбет амалсыз бұрылған. Еппен басып төмендегі ашық қабатқа түсті. Мұнда күндізгіден қалған оны-мұны жеміс қалдықтары. Олар да үсіп кеткен. Аш иттер үсіктерді талғажу көріп, тас еденді тіміскілеп, астыңғы қабатты түгелдей тінткіледі. Кешікпей-ақ жоғарғы қабаттан лифтімен түсірген үлкен темір қорапқа кез болды. Іші толған нәпақа. Шабылған сүйектің ұнтағы дейсің бе, анау-мынау тағамның қалдығы дейсің бе – толып жатыр. Тұмсығынды тыға бер, жылы-жұмсаққа қарықсың. Олар қараңғы бұрышта әбден лықа тойысып алды. Ала төбет осында қона кетуді қош көрген. Әзірде ғана көрген көп жәшікке қарай бастады. Сол жәшіктердің арасына кіріп, әрбіреуі бір-бір жәшіктің үстіне жатқан. Көшедегі жарықтың сәулесі әлсіз ғана білінеді. Төменгі қабат қой. Жұлдыз да, ай да, аспан да жоқ... Төбеде темір бетон. Қараңғылық.

Ертеңгісін күзетшілер мен базар үшін сыпырушылардың даусынан оянып кеткен иттер құйрықтарын бұттарына қыса сытылып бара жатты. Адамдар да байқап қалған. Айқайлай ұмтылғандары да, таңырқай қарағандары да болды.

Иттер осылайша бір аптадай базар ішіне түн қатып келіп кейде түнеп, кейде түнемей жүрді. Бірақ осы маңнан ұзаған жоқ. Күндіз кешке дейін жақын жердегі иен сквер-саяшықта ондайды. Қанша ойнаса да

құмарлары қанбайды. Қарындары тоқ. Өздері жарау. Желігіп-ақ тұр... Ақ қанден ғана шамкөс. Сіркесі су көтермей маңайындағыларды тістей береді. Олар бірақ оны елең құрлы көрмейді. Қайта қаншықтың қапқаны майдай жағатын сияқты. Оның таңынан жалап жандары қалмайды... Өзді-өзі таласумен шаршап-шалдығады. Бірақ келесі күнге бәрі де қуат жинап алады. Шөміп қалған Ақ қанден ғана. Қалғандары сүліктей сұлуланып алды.

Бірде, түнгі оралыста тұмсықтары тар көз темір қақпаға тірелді. Апта бойы арқа-жарқа азу басып, ауыз толтырып, тістерін қайрап жүрген иттер аңырайысып қалды. Ала төбет сенер-сенбесін білмейді. Шынымен тағы бір тығырыққа тірелгендері ме? Мүмкін емес дегендей ол үріп-үріп жіберді. Сол-ақ екен басқалары да қара түнді жамыла, базар ішіп бастарына көтере арсылдап алып жөнелді.

Бұларға бірақ ешкім жауап берген жоқ. У-шуы мол қала өз жайына қала берді. Иттердің үні де сол шуылдың ішінде көмілген. Олар таңға жуық қана базар маңынан ұзады. Қарындары қуыс бүйендей бос салдырап, қаланың басқа бір бүйіріне қарай бағыт алған. Ең алдарында құлағы тік тұрған Тік құлақ қара апшәркі. Таң қараңғысы әлі мол.

Тік құлақ

1

Қарындары қабысқан иттер Ақ қанденді қуалауды да қойған. Қызулары басылып, құмарлары қанып қалғандай... Қаншық қанден де қашқалақтай арт жақта қала береді. Бойын аулақ салатын күйге түскен. Иттер де иектемейді. Анда-санда ғана Ала төбет арсалаңдай иіскелейді – жастығы да... Күн санап қуат қосып, тұла бойы да толыса түскен төбетке не жорық.

Тік құлақ жол бастаған соң қаланың орталығы – қан базар маңынан тез-ақ алыстады. Машина ағылған, адам қаптағап көшемен жүрмей, теректермен таласа бой көтерген үйлердің арасымен, тар соқпақ-сымақтармен тартқан. Кездесіп қалған қала тұрғындарының өзі сөлендеген әр текті иттердің тұрпатынан сескеніп, не бұрылып кетіп, не еріксіз жол беріп, әрі үрейлене, әрі таңырқай қарасағын. Бұл бесеуі жан біткенді елең қылмайды немесе сондай бір зытпен өте шығады.

Шуылы мол, шуағы аз қаланың орталығынан баспалап сытылып шыққанша кеш түскен. Қараша таусылып, желтоқсан кірген. Желтоқсанның ерте кеші. Қарсыз қарасуық. Қала іші қарасуықтан қоңылтақсып қалған. Кешкілік үйді-үйіне тығылуға тырысады.

Олар қаланың шет жағынан орын тепкен атам заманғы ескі үйлер – шатырлы-шатырсыз жатаған тамдардың ауданына табан басқан. Бұрылыс-бұлтарысы мол қысқа көшелермен ұбақ-шұбақ шуаған бесеуі

аула-аулаларға бас сұқпақ болып та байқады. Тарс бекітілген ағаш, темір, тор қақпалар айқара жабылып, қараңғы көшелер түнере қарсы алады. Шашау жүрген адамдар да аз. Анда-санда бұларды сезіп қалған аулада байлаулы тұқымдары арсылдай үреді. Ондай аулалардан аулақ жүруге тырысады. Ауланың да ауласы бар. Ішінде қандай адамдар тұрады, қандай иттер байлаулы екенін қалай айырарсың?

Өзіне таныс бұрма көшелермен келе жатқан Тік құлақ коқыс салынған, күл төгілген дәу темір қораптарды да ақтарған болды. Қас қылғандай бәрі де бос. Аспанды бұлт торлап алса керек, төңірек тұтқан қорқау қараңғылық. Терезе-терезеден құйылған жарық та сеп болар емес. Қоқыс салынған темір қораптар бос болғаннан кейін, Тік құлақ баяғыда өзі тастап кеткен үйіне қарай бас бұрды... Қараңғы түн қойны тұңғиық.

Бұл үйден безген күні де түн тастай қараңғы еді... Көзге түртсе көргісіз. Көктемнің қараңғы қара бұлтты қаптап, дымқыл ауадан жаңбыр иісі сезіліп, жанға жайлы салқын самал соғып тұрған. Ерсілік-қарсылы салынған екі бөлмелі үйдің алдындағы сейнегінде өскен Тік құлақ шеркөкірек болатын. Иесі ит деп мұны аяған емес. Сол күні де бұрыштағы жатағынан түңіліп, түн жамылып қашып шыққан.

Иесі есік аузына жақын жатқан шөлмектерді салдыр-күлдір қағып-соғып кіріп, жарықты қаққан. Бұрышта жатқан бұған сенделіп тұрып, тілін әрең-пәрең шайнай бірдеңе деді. Не дегені де түсініксіз. Бұл бұрышта көзі қызарып жатқан қалпы ырылдаған. Сояудай сойдақ тістері ақсифан.

Сол-ақ екен иесінің жыны қозып кетті. Ол әлденелерді көзі кілкіе сөйлей тұрып, қалтасынан шығарған қызылқошқыл шарапты бөтелке аузынан ағыза тамыза жұтты-ай келіп... Тік құлақ иесіне қарай дайындалып жатты. Көзі ыза мен кектен қан шашады. Асықпай да тоқтамай жұтқан иесі бос шөлмек таусылар-таусылмаста итке дәлдей атты. Бір жағына жандармен секірген Тік құлақтың шөлмек сонда да бір жамбасын жанап кетті. Иесі қарқылдай күліп алды. Аяғы астында жатқан көп шөлмекке қол созды. Тік құлаққа қарай тағы біреуісі ұшты. Бұл жолы ол тимей кетіп, қабырғаға соғыла тас еденге түсіп быт-шыт болды.

Есік шалқасынан ашық. Бірақ иесі ауызда қайқайып тұр. Ол ызалана сөйлеп, аузы көпіріп, езуінен созылып бір нәрсе ақты. Тағы да еңкейіп, екі бірдей шөлмекті қолына алып, қалталақтап тұрды. Жаңа ғана қабырғаға сүйеніп тұрған қолында көк шөлмек. Тік құлақ та қапыда қалмауға дайындалған. Бойын әлде бір діріл билеген. Қорқыныш екені, кектену екені белгісіз. Алғашқы шөлмек ұшқанда бір жағына оқша секірген Тік құлақ екінші шөлмектен қорғана жанұшырып қайта қарғығанда кеш қалды. Жіңішке шөлмек қабырғадан қайтқанда басымен қадалып, ит қаңқ ете құлап түскен де, ет қызуымен атып тұрды. Қабырғасы қақсап қоя берді. Өне-міне дегенше шөлмектер